

ӘОЖ 81'42:82-3

«АЙҚАЙ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ «СОҒЫС» ЖӘНЕ «ЖАЛҒЫЗДЫҚ» КОНЦЕПТІСІ

Бижанова Маржан Айқынбердіқызы

bizhanovamarzhan2002@mail.ru

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «6802305 – Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ж.Өмірбекова

Соғыс – екі немесе одан да көп тараптардың араласатын жалпы қарулы қақтығыс. Бұл елдер немесе адамдар тобы арасындағы ұрысқа немесе қарулы қақтығысқа қатысты. Осы мағынада ол азаматтық соғыс, әскери кеме, әскери тұтқын немесе соғыстан кейінгі ұғымдарды қалыптастыру үшін қолданылады. Біздің қарастырып отырған соғыс екі ел арасындағы қақтығыстан емес, бірінші жақтың, яғни түріктердің жаугершілігімен басталып, негізгі идеяда осыған келіп тіреледі. Түрік билігінің жаугершілігі шығармада: *«Сол заманда түрік әскеріне қарсы келер пенде болды ма? Түрік жауынгерлеріне берілмеген, бас иеген ел болды ма? Түріктер келе жатыр дегенде асқақ таулар аласарған жоқ па? Тасқын дариялар ағынын тоқтатып, жол берген жоқ па? Бар дүниенің көз жасындай сел-нөпір жауындарың да сап тыйылған жоқ па? Ал түрік жауынгерлеріне Жетіқарақшы жұлдыздар ғана бағыт сілтеді емес пе? Ай сәуле шашты емес пе? Оһо дегеніңіз... сондай заманда түрік жауынгерлерінің қатарында жүру, сау адамды сауықтырғандай оқиға емес пе еді? Құдайдың бұйыртқан тағдыры шығар, сондай жорықтарда Мехмед түрік жауынгерлерінң сапында болды»,* - деп суреттеледі [1,6]. Жаугершіліктен қарапайым грек халқы зардап шегеді. Алайда «жер-домалақ» демекші өзгеге жасаған жамандықтарынан өздерінің қарапайым халықтарына алапес дейтін ауру тарайды. Түрік әскерінің сапында болған басты кейіпкер Мехмедтің баласы осы жазылмас дертке душар болады да, әкенің туған баласын жатсынуы, халықтың теріс бет бұруы сегіз қырлы бір сырлы жігіттің жалғыз қалуына әкеліп соғады.

Адамзат баласының тарихында орын алған түрлі шайқастар адам санасында сақталып, әр уақыт сайын жаңғырып отыратыны белгілі. Сан ғасырлар бойы жүргізілген соғыстар әрбір тіл иесінің тілдік қолданысында да түрлі ассоциациялармен көрініс табады. Осыған орай, жазушы Тынымбай Нұрмағамбетовтің шығармашылығында «соғыс» концептісі негізгі концептілік жүйені құрайтын когнитивтік құрылым болып табылады. Жазушы туындысында түрлі қырынан танылған «соғыс» концептісі композициялық құрылымы мен сюжеттік мазмұнына қарай түрліше көрініс тапқан. Ғаламның тілдік бейнесінде «соғыс» концептісі былай таңбалады:

жорық, шабуыл, қақтығыс, қару-жарақ, қарсылық, күрес. Ал жалпы тілдік қолданыста: шайқас, жарақат, жеңіліс, жанын қию, қан т.б. бейнеленеді.

Поэтикалық мәтіндегі концептілік құрылымдардың көрінісі – автордың ментальді көрсеткіші. Ақынның санада бейнелеген құрылымдарын мәтіндегі тіл мазмұнының метафоралану арқылы және қандай концепт типіне салынып танылғанын анықтау арқылы байқауға болады. Концептілік құрылымдардың санада бейнеленуі әртүрлі формада көрініс табады. Олар: 1) қарапайым форма (фрейм); 2) күрделі форма (скрипт); 3) сызбалы форма (схема); 4) оқиғалы форма (сценарий); 5) Бейнелі форма (ойсурет);

Лингвистикада фрейм ұғымының негізін қалаған ғалым – Ч.Филлмор. Ғалым Ф.Қожахметов: «Фреймдік модель адам санасы мен жадының психологиялық негізі болып табылады, сол себепті ғалымның фреймдік теориясы декларативті және процедуралық ілімдердің сабақтасуына негізделі келе, 3 түрлі сатылық байланыспен ерекшеленеді», - дейді [2,71]. Яғни фрейм – бұл концептілік жүйенің құрылымдық элементтерін танытатын концепт типінің қарапайым формасы. Ол концептінің ең жақын семаларынан құралады және ең жақын ассоциативтік, стереотиптік таңбалар арқылы көрініс табады. Санада сақталған ақпарат ақиқат дүниені танытатын ұғымның құрылымдық элементтері болып табылатын лексикалық қатар құрайды. Ал «Айқай» повесіндегі фреймдік құрылымын басты ассоциациялық ұғымдармен бірге алып қарайық.

1.Әскерге кету, басқыншылық соғыс, жорық. «Соғыс» макроконцептісі маңына шоғырланған шығармадағы лексикалық семалардың бірі – «сұм соғысқа аттану», «жорыққа шығу», «басып кіру» тізбектелген құрылымдық тармағы арқылы берілген.

«Соғыс – батырлық» ұғымына келер болсақ, соғыс – кез келген халық танымында ең алдымен үрей болып танылса, екіншіден батырлықтың танылатын тұсы. Үрейге бой алдырмау, қорықпау – адам бойындағы батырлық мінездің негізі. Соғыстағы жеке адамның батырлығы тіліміздегі «Ер сасқанда белгілі, ат шапқанда белгілі», «Ел басына күн туса, Ер жігіт атқа ер салар», «Ерді тасқанда көр, Жауды қашқанда көр», «Ер – майданда сыналар» т.б. паремиялардан танылады. Шығармада ол былай суреттеледі: *«Мехмед солай өсті. Солай ер жетті. Сол Тороның етегінен әскерге алынудың өзі аңыздарда ғана айтылар ертегі іспетті емес пе еді? Әскерге бара жатып, ерлікпен ғана оралуға бозбала жігіт серт етпеске бәрібір өзін әскерге әспеттеп аттандырған ауылдастарынан ұялар еді. ...Сол заманда түрік әскеріне қарсы келер пенде болды ма? Түрік жауынгерлеріне берілмеген, бас имеген ел болды ма? Түріктер келе жатыр дегенде, асқақ таулар аласарған жоқ па? Тасқын дариялар ағысын тоқтатып, жол берген жоқ па? Ал түрік жауынгерлерінің жолына Жетіқарақшы жұлдыздар ғана бағыт сілтеді емес пе? Ай сәуле шашты емес пе? Тау... дария... ай... жұлдыздар дейсіз, қалың қол қан майдан шеруге бастап бір кеткенде... жеріңіздің өзі дүбірлеп кетпеуші ме еді... Дүбірлеген, түсірлеген қалың түріктердің аяғының астында жерің де үрейден селкілдеп жатпаушы ма еді?»* [1,8].

2. «Қарсылық», «өшігу» «өлім». Бұл микроконцептілер – шығармадағы соғыстың дәл шиеленіскен тұсындағы бірінен кейін бірі ұласқан оқиғалардың жинақталған бейнесі. «Соғыс» концептісін айқындауда «өмір», «өлім» концептілері үздіксіз түрде орын алатын ажырағысыз бірлікте көрініс береді. Дүниежүзіндегі қай ұлтқа қатысты алсақ та, ғаламның тілдік бейнесіндегі «соғыс» макроконцептісінің өзегінде «өлім» концептісі тұрады. Себебі соғыстың басталуы, жүргізілуі және аяқталуы сияқты кезеңдерінің қай-қайсысы да адам өлімімен тығыз байланысты. Кісі өлімінсіз соғысты елестету тіпті де мүмкін емес. Сондықтан тіл ұстанушының когнитивтік базасында соғыс – адамзат өміріне төнген қауіп ретінде орныққан. Мысалы: *«Гректер оңай жсау деп айтқан жанның аузына құм құйылсын, тас тығылсын. Қан судай ақты. Екі жақтан да өліктер баудай түсті. Өлік санап жатуға да мұрша жоқ. Күндіз шайқасты. Түнде шайқасты. Қапыда бірінің бірі басын алды. Біріне-бірі алыстан пышақ*

лақтырды. Ретті жерде аралдың тасы мен шоқпар, сойыл ағаштары да иесіз қалған жоқ», - деп «қарсылық» пен «өлім» суреттелсе, түрік халқының өшігіп, қанталап, күнәсіз әлемге зардабын тигізуі: «Жау қашуға, жасырынуға беттеген соң-ақ жаужүрек түріктер одан сайын о жарланып, көздері қанталап, құтырып кетті емес пе?»-деп шебер әрі көркем түрде ашып суреттеледі [1,10].

«Соғыс – зорлық, зұлымдық» микроконцептісіне келер болсақ, соғыс – байлыққа, билікке қол жеткізудің, қол астындағы құлдар санын көбейтудің, яғни мемлекеттегі, хандықтағы еңбек күшін арттырудың да бір құралы. Ол зорлық, зомбылықсыз болмайтыны анық. Соғыс ұғымы жазушының жеке логикалық ой-өрісі ерекшелігіне орай шығармада түрлі тіркестердің келуімен танылады. Шығармада бұл зұлымдықтың шегі былай бейнеленеді: «Гректердің өздеріне көрсеткені аздай... Сен де гректікісің ғой деп, жоталарда қалқып тұрған жартастарға ұмтылып, селтиген бұлақ, бұталарды да алмас қылыштармен шауып өтті емес пе? Көкте ұшып жүрген торғайлар ше? Түріктер оларды да аман қалдырғысы келген жоқ-ау. Әйтең... оларға қолы жетпеді. Тым болмаса қылыштарының ұшы жетер жерде ұшсашы...» [1,11].

3. Үшінші фрейм – жеңіс, мақтаныш. Түрік әскерінің басқыншылықпен басталған соғыста жеңіспен еліне оралады. Ел ерлерінің жеңіспен оралғанына қуанып, мереке той жасайды: «Ақыры бұлар қайықпен, салмен жылжып, кемемен жүзіп жүріп, жеңіспен елдеріне де қайтты. Елге жеңіспен қайту дегеннің құы мен салмағын сезіну үшін дүниеге келген әрбір жан түрік әскерінің қатарында тым болмағанда бір рет жорыққа қатысса ғой, шіркін!.. Бәлкім, сонда елге жеңіспен оралу дегеннің мәртебесі мен лаззатын там-тұмдап сезінер еді. Жұрттың аузында сұлтан Сәлім. Жұрттың аузында түрік әскерлерінің ерліктері. Түрік елінде неше түрлі мақтаншақтар болған ғой. Олардың құйқылжыған әңгімелерін тыңдасаң, тіпті түрік әскерлерінің құрамында бірде-бір сужүрек болмапты. Бәрі бірдей батыр, жаужүрек. Түрік қатындары тек қана хас батырларды туады екен. Түрік еркектері хас батырларды ғана туғызады екен» [1,13].

Ойсурет – концепт қалыптастыру операциясының ең күрделі формасы. Ойсурет суреткердің қиялдау, суреттеу, ұқсату шеберлігінен туындайды. Санадағы фантазиялау таланты басым болса, концептіні ойсурет құрылымында таныту деңгейі жоғары болады.

Шығармадағы Торо тауы – батырлар туған мекен, ерлердің осындай таудай алып болып өсуіне басты себепкер болған бейне. Мысалы: «Торонның етегінде ержету дегеннің нендей бақыт екенін білсеңіз ғой! Күнмен таласқан шындары қарлы, баурайы кілемдей құлпырған шалғынды Торонның етегінде... Биіктен құлаған күміс сулары мейіріңді қандырған... гүлдері кеудене әтір шашқан Торонның етегінде... құстай ұшқан тұлпарлардың жалында көктегі құстармен... көктегі бұлттармен жарысып өскен жігітті, пәлі дегенің, бұлтты жарған жай оғы демей... аузына жалын тістеген аждаһа құс демей, жай ғана жігіт, жай ғана құдайдың пендесі деуге аузыңыз бара қояр ма еді?» [1,7].

Екінші макроконцепт – жалғыздық. Ол жайлы Гауһар Саяділқызы: «Еліне аман-есен келіп, жар сүйіп, бір емес төрт қыздың әкесі болған Мехмед Алладан ұрпағын жалғастырар ұл тілеп сұрап алады. Тілегені болып, ұлды да болды. Мехмедтің отбасының нағыз көркі де, сәні де сол болды. Жазушы сюжет желісін басқа арнаға бұрып, тоғыз жастан асып, биін билеп, биші бала атанып, үлкен үміт күттіріп жүрген Сұлтанды айықпас алапес дертке ұшыратады. Ақыры жазылмас дерт мендеген жалғыз ұлын Мехмед алыстағы таудың арасына апарып ұйықтап жатқан жерінде тастап, қашып кетеді», - дейді де, бұны пендешілік деп айтады [5].

Расымен де, біздің ойымызша, адам пенде болған соң, пендешілігі арту, ол қалыпқа сыймай, ел-жұрттың көңілінен шықпай қалам ба деген ой тізбектеле жалғасып, қабылдамауға – қарсылыққа – жатсынуға – «жалғыздыққа» әкеліп тіреді.

Тұрдықұл Шаңбай «жалғыздық» концептісі жайлы: «Жалғыздық – ислам дінінің тірегі Таухид ілімінің негізгі ұғымдарының бірі. Жалғыздық – тұтас жаратылысты, мән мен барлықты

Жаратушы – Алла тағала, соның ғана қасиет белгісі», - дейді де: «Жалғыздық Құдайға ғана жарасады» деу, Қазақ танымының тірегі Канондық Ислам екенін көрсетеді. Бұл, Қазақ халқының әулие, хакім, данышпан және ғұламаларға құрметпен қарағанын, бірақ өлшеусізбен өлшенгендерді қабылдамағанын байқатады» [9,120].

Ал философияда бұл концепция негізгі ұғым ретінде қарастырылып, сөз өнерінде, сол сияқты бейнелеу өнерінде басты көркемдік-эстетикалық мотив делінеді.

Психоанализ ғылымының негізін қалаған Зигмунд Фрейд жалғыздықтың адам денсаулығына теріс әсері бар екенін, біздің санамыздан тыс, бейсаналы түрде жүзеге асатын табиғи құбылыстарды дәлелдеп шықты. Бірақ, қарама-қайшылық сол, көптеген өнертанушылар, оның ішінде әдебиеттанушылар кез-келген шығарманың арқауы – жалғыздық болатынын да жиі айтып жүр.

Жазушы повесте осы жатсыну сарынын екі жақты қылып алған. Бірі алапес ауруына шалдыққан жасөспірімді айналасы, қоршаған ортасы дейміз бе, солардың ішіндегі туған-туыс, жора-жолдас дейміз бе, бәрінің ат-тонын ала қашуы – жатсынуы. Екіншісі, көптің көңілінен шығу үшін жалғыз ұлдарынан бас тартып, жатсынған – туған әке мен шеше. Ал осы ең алдымен қоғамның жатсынуы, кейін өз ата-анасының жатсынуы бала Сұлтанның сағын сындырып, «жалғыздыққа» әкеліп тірейді.

Дарашылдық. Жапа-жалғыз қалу. Дүниеден, әлемнен бөліну. Өзінің жанын аластау. Оған жеру, безу, жатсыну тән. Философиялық мәнде алар болсақ, жанның әлдебір абсолютті күшке ұмтылуы. Бірақ бұл атаулардың ұғымын идеалды мәнде беру өте қиын. Себебі адамның ішкі жан-дүниесі, процестерінің, құбылыстарының өте күрделігінде, жан күйлерінің бір-біріне ұласып, тоғысып жататын сипатында. Бұл ұғым негізінен «мұң» макроконцептісінің қарамағында қарастырылады. Мұндағы “өкініш”, “қапалық”, “құса болу” – семаларының актуалдануы “жалғыздық” концептісін объективтейді. Бұл ұғым негізінен «мұң» макроконцептісінің қарамағында қарастырылады.

Көп шығармаларда көрініс табатын «жалғыздық» - рухани жалғыздық болса, «Айқас» повесіндегі екеуі де: рухани әрі тұрмыс-тіршіліктегі жалғыздық та суреттеледі.

Шығармадағы Сұлтанның сегіз қырлы бір сырлы, жайдары, нағыз ержүрек жігіттен жалғыздыққа тап болған бейнесі жаныңа батады. Баланың сол бір жолға баратынын сезгені шығармады былай көрініс табады: *«Ұлының қапсыра құшақтап отырғанынан-ақ, оның беймағлұм болашаққа бастаған осы бір жолдан қорқып, үрейленгендей халін Мехмед айтпай-ақ білер еді. Ұлы кейде мұның артына бетін басады. Ол әкесін жақсы көргені, қыймағаны... Ұлы кейде жылап отырады. Онысын Мехмед арқасының ылғалданғанынан аңғарады. Байғұс баланың мына азап-тозақ өмірді бір сәт ұмытып, рахат табар сәті де осы кез болар»*[1.42].

Сұлтанды апарып жатқан таудың атауы – Жалаңаштау. Біздің ойымызша, бұл топонимнің бұлай аталуының өзінде терең мағына бар. Себебі «жалаңаш+тау» деген біріккен күрделі сөздің мағынасы сөздіктерді талдап көрейік.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «с ы н. 1. Үстінде лыпасы жоқ, киімсіз. Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу өгізбен жарысып, бәйге ал деген сияқты («Абай»)[6];

Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде: «з а т. ж е р г. Ашық қора. Малды жалаңашқа қамандар» [7];

Бабалар сөзінде топоним деп аталады: «елді мекен. Тарбағатай ауданы жерінің өсімдік, ағашы жұтаң, әрі жел өтіндегі жалаң, жайдақтығына байланысты аталған. Осы атпас жер атаулары Алматы, Қызылорда облыстарында да ұшырайды» [8].

Автор ономастикалық атаудың өзін шебер таңдаған. Себебі Жалаңаштауға апарып тастаған жандардың жаны да таудың атауы сияқты құсалыққа толы, әлемнен бөлінген адамдардың мекені болды.

«Жалғыздық – ішкі азап» түсінігін алып қарастырсақ, шығармада Сұлтанның жалғыздығы ғана емес, баласын жатсынған әкесінің іштей азаптануы басты кейіпкер монологі арқылы суреттеледі. Бұндай адамның рухани болмысының күйреуінен жалғыздыққа жетелейді, өмірі тек жабығу мен құлаздан тұрады деген түсінік қалыптасады. Шығармада: *«Осы ойдан соң ол бірауық іштей түйіліп үн-түнсіз тұрды да... кенет өзінің талай жыл еңсесін түсіріп, ұнжырғасын ұнтап жіберген осынау қорлық пен үрей атаулының бәрі... бәрін де дәл қазір басынан өткеріп тұрғандай, солқылдап жылап жібергені. Және өзін-өзі іріккен жоқ. Жас тамшылар көздерінен ғана емес, жүзінен, кеудесінен шығып жатқандай қатты егілді...»*, -деп ішкі жан-дүниесінің алай-дүлейі сөз болып, шарасыз жылауы жауынмен қатар суреттеледі: *«Дүниедегі ең бақытсыз жаралған пендедей, ебедейсіз солбырайып тұрған қалпы алақанымен көзін, бетін сипады. Дәл қазір оған жүзін жуған жауын суы да – көз жасы, көз жасы да – көз жасы... болып кеткендей еді»* [1,58]. Мехмедтің бойындағы жалғыздықтың тағы бір семасы – өзін дүниедегі ең бақытсыз жаралған пендедей сезінуі – шығармадағы концептті айшықтай түседі.

Қорыта айтқанда, Тынымбай Нұрмағамбетов шығармасына концептуалды талдау жүргізу барысында «соғыс» пен «жалғыздық» концептілері күрделі құрылым екені анықталды. Жазушы шығармашылығы арқылы концептілердің ішкі құрылымы мен екі ұлттың ұғым түсініктерінің танымдық элементтері тілдік тұрғыдан қарастырылып нақтыланды. Екі ұғым бір-бірімен шығармада тығыз байланысты. Себебі басқыншылық пен жаулап алушылық, біріншіден, жазықсыз грек халқының қан төгілуіне алып келсе, екіншіден түркі халқына жазылмас дерт өзгеге жасаған опасыздық үшін жаза ретінде беріледі де, онымен ауырған адамдарды жатсыну – қарапайым адамның жалғыздығына, өмірден түңіліп, біржола құса болуына алып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Нұрмағамбетов Тынымбай. Айқай. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Өнер», 2001. – 440 бет.
2. Қожахметов Ф. «Ғаламның тілдік бейнесінің құрылымының концептілік жүйеде талдау» (конф.материалдарынан)
3. Қасенов С.Е Илияс Жансүгіров поэзиясындағы «Соғыс» концептісінің танымдық мазмұны Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (35), 2011 ж.
4. Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай. ТОО “Центрум”, 2010. – 180 бет.
5. Гауһар Саяділқызы. БҰЛ – АЙҚАЙ, ҚАЙ – АЙҚАЙ? – Қазақ әдебиеті, 30.02.20 ж.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. / Құраст.: Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. -752 б.
7. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.
8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, т. 63: Тарихи жырлар. – 2010. – 456 бет.
9. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті. Алматы:Раритет, 2009. - 352 б.